

Ж.Е. Садықанова,
ҚазГЗУ, з.ғ.к., конституциялық құқық және
мемлекеттік басқару кафедрасының аға оқытушысы

Конституцияның негізгі нормативтік құқықтық акт ретіндегі мәні

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданғандығы белгілі. Қолданыстағы Ата заңымызда «конституция» термині әр түрлі нұсқасында 150 рет кездеседі.

«Конституция» терминін зерттеушілер әдебиеттерде Конституцияны құрастырушылардың конституция ұғымына сыйдырған мән-мағынасының бірқатар аспектілерін айқындауға мүмкіндік береді деп атап көрсетеді:

1) Конституция тұрақтылық кепілі болатын ерекше заң. Ол Конституцияның өзінде көзделген ерекше тәртіпте қайта қаралуы мүмкін.

2) Конституция мемлекетті, оның органдар жүйесін және олардың құрылу тәртібін, құзыретін, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқарудың өзара қарым-қатынастарының сипатын анықтайтын заң болып табылады.

3) Конституция халықтың саяси бірлігін қалыптастыратын және қамтамасыз ететін заң. Конституцияда сонымен бірге осы бірлік кепілі оның гипертрофиясынан саяси идеологиялық алуандылық пен мемлекеттің біртұтастығын бекітуден тұрады.

4) Конституция мемлекет пен қоғамның басты құндылықтарын және оларды мемлекеттік қорғау тәртібін белгілейді.

5) Конституция адам мен азаматтың құқықтарын бекіту және осы құқықтардың мемлекетке міндеттер жүктеуі арқылы мемлекеттік биліктің шектерін, сонымен қатар жеке адамның дербестілігінің шектерін, олардың өзара қарым-қатынастарының сипаты мен өзара келісімділік өлшемін белгілейтін заң.

6) Конституция ең жоғарғы құқық нормаларын бекіту және көрсету тәсілі болып табылады. Бұл мағынасында Конституция мемлекетте қолданылып жүрген кез келген құқықтық акт қайшы келе алмайтын абсолютті норма болып

табылады. Осыған байланысты Конституция мемлекеттің бүкіл аумағында үстемдік ететін және жоғарғы заңдық күші бар, халықтың саяси бірлігіне кепіл болатын заң ретінде қатысады.

Осылай одан әрі атап көрсетуді жалғастыра беруге болады. Атап айтқанда, Конституцияны азаматтардың мінез-құлықтарында қалыптастырылатын және мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің және тағы да басқалардың қызметтерінің өлшемі болып табылатын конституциялық тұрғыдан бекітілуі нәтижесінде қоғамның әлеуметтік - тарихи дамуының объективті заңдылықтары ретінде қоғамдық тұрғыдан қалыптасқан ережелердің заңдық нысаны түрінде қарастырылуы мүмкін. Бірақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының ұғымын қысқа түрде анықтап беру өте күрделі, себебі оның әр түрлі қырларын айқындап, ескеру қажет. Бұл нақты мән-жайларға байланысты оны қолдану кезінде қандайда болмасын қыры басымдылық танытуы мүмкін.

Негізгі заңның мәнін анықтайтын амал-тәсілдерде әр түрлі. Айталық, осы мәселені зерттеушілердің бірі Б.С. Әбзеев өз еңбегінде Негізгі заңның мәнін анықтайтын классикалық тәсілдерде көрініс тапқан таптық тәсіл мен таптық бағалау, көбінесе, нақты сол кездегі тарихи кезеңге сәйкес келетіндіктен, сол классикалық деп танылатын анықтамалар дәлелді болып келеді және сол түсінігінде соңғы жылдарға дейін еліміздің конституциялық-құқықтық доктринасында өзгеріссіз қалып келгендігін атап көрсетеді [2, с. 17].

Қазіргі заманғы конституциялар әр мемлекеттің өзіне тән ерекшеліктеріне байланыссыз барлық таптар мен әлеуметтік жіктер үшін ортақ мәнге ие бүкіл қоғамға тән құндылықтар мен мүдделерді бекітпеуі мүмкін емес.

Қазіргі заманғы тәжірибе тұрғысынан алып қарағанда, Негізгі заңның мәнін дұрыс бағалау үшін оның ел ішіндегі, сондай-ақ халықаралық қатынастардағы көрінісін есепке алу қажет.

Осылай бола тұрса да, конституцияның мәні біржолата түпкілікті және өзгермейтін нәрсе деген түсінік қалыптаспауы қажет.

Саяси өзгерістер практикасынан алып қарағанда, қазіргі

уақытта Негізгі заңда қоғамның ізгілік әлеуетін анағұрлым толық көрсетуге бейім қоғамдық ілгерлеу түсінігін бекіту туралы мәселелер көтеріледі.

Конституцияның мәнін анықтауда, мемлекеттік-құқықтық теорияда қалыптасқандай, екі тәсілді (таптық және жалпы әлеуметтік) қолдануға болады.

Ал егерде зерттеудің әдістемелік негізіне әлеуметтік ынтымақтастық идеясы қаланса, онда мемлекет қоғамдық келісім мен татулыққа, саяси тұрақтылыққа әкелетіндей, қоғамдағы әр түрлі мүдделердің тоғысуына қол жеткізуге ықпал етуі тиіс. Бұл ретте конституция қоғамдық келісім мен татулығының заңдастырушысы ретінде қатысады.

Толық талдауға ұмтылмай, зерттеу пәні болып табылатын проблеманы ғана ескере отырып, мынаған назар аударған жөн. Ең алдымен, халық міндетті тарабы мемлекет, оның органдары мен лауазымды тұлғалары қатысатын, сонымен қатар Республика заңы бойынша қудалау қатерімен билікті немесе биліктік өкілеттіліктерді иемденіп алушылыққа салынған тыйым салушылық таралатын құқықтың барлық өзге де субъектілері болып қатысатын конституциялық қатынастардың субъектісі болып табылады.

Халық ешкімнің иелігіне берілмейтін құрылтайшы билікке ие. Мемлекеттік билік - заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтары - бұл халық құратын, халықтың атынан жүргізілетін, оларға осындай өкілеттілік берілген билік. Бұдан туындайтыны, мемлекеттің егемендігі халықтың егемендігімен салыстырғанда қосалқы болып табылады, себебі мемлекеттік биліктің шектерін, оның қалау «еркіндігін» халық белгілейді және мемлекет өз легитимділігін жоғалту тәуекелін бұза алмайды.

Арнайы ғылыми еңбектерде Конституция халықтың билігін делегирлеу доктринасына негізделеді деген көзқарастар да бар.

Сонымен, «конституцияның мәні» - әр қырлы көп жоспарлы ұғым. Конституцияның мәні оның жан-жақты объективті сипатынан тұратын категория, ол өзгермелі құбылыс, қоғамның әлеуметтік дамуымен, құрылымының ерекшелігімен және оның халықаралық қоғамдастықтағы орнымен байланыстырылған

елеулі өзгерістерге ұшырайды, сондықтан да осы ұғымның мазмұнын дұрыс бағалау үшін қазіргі заман жағдайында ұлттық, сондай-ақ жалпы өркениеттік құндылықтар мен мүдделерді есепке алу қажет. Конституциялық құрылыстың жаңа кезеңінде Конституция қандайда болмасын таптың, әлеуметтік жіктердің, таптың немесе саяси партияның, ұлттар мен елдегі халықтардың, азаматтардың және мемлекеттің мүдделерін көрсетіп, бекітуі қажет, сонымен қатар Қазақстан Республикасы сыртқы саяси мүдделері мен мақсаттарының бүкіл халықаралық қоғамдастық үшін мемлекет аралық қатынастардың жалпы қағидалары мен нормаларын ескере отырып, халықаралық байланыстарға қатысушылардан басқаларының мақсат-мүдделерінің үйлесуін әрі теңестірілген өзара іс-әрекеттерін көрсетіп бекітуі қажет.

Бұл Конституцияның мәндік сипатының басымды бағыттары мен жақтары. Олар барлық конституциялық институттар мен нормаларда болады және формалдық анықталғандықтың қандайда болмасын деңгейінде қоғамдағы биліктің, егемендіктің және жеке адамның бостандығының мемлекеттік-құқықтық реттелуі көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз (2011 жылғы 2 ақпандағы № 403-IV Қазақстан Республикасы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) //ЮРИСТ [Электрондық ресурс]. анықтама жүйесі / Ақмола аймақтық жүйесі. - Астана: Юринфо, 2012 - қазақ тілінде.*

2. *Эбзеев Б.С. Конституция. Правовое государство. Конституционный суд: Учебное пособие для вузов.- М.:Закон и право, 1997.*

3. *Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы № 18/2 қаулысы // «Заң газеті» 2002 жылғы 9 қаңтар. -№ 1.*